

Арал ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі N 153 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде N 4649 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 197 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 25.10.2018 № 197 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, мәдениет, білім берудің педагог қызметкерлеріне және ветеринария саласындағы мамандарға, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 05.11.2014 N 192 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Арал аудандық мәслихатының
кезекті жиырма алтыншы
сессиясының төрағасы
Арал аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Ниязов

К. Данабай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК